

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ, Ұлт Көшбасшысы. Қазақстанның жаңа дәуірінің алғашқы күні

Тұңғыш Президент күні – бұл тарихи таңдау күні, барлық қазақстандықтардың Ұлт Көшбасшысы, Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың төңірегіне топтасу күні.



1 желтоқсанда Қазақстан халқы алғаш рет жаңа мемлекеттік мереке – **Тұңғыш Президент Күнін** атап өтеді.

Осыдан 1 жыл бұрын бір топ қазақстандық парламентшілер бұл күнді жалпы мемлекеттік ауқымдағы мереке күні етіп жариялау туралы бастама көтерді.

Тәуелсіз Қазақстанның дүниеге ке-

луінің ұлы шежіресі бірқатар тарихикезендерден тұрады: 1990 жылдың сәуірі – Республика Президенті лауазымын тағайындау, 1990 жылдың қазаны –

Қазақстанның тәуелсіздігі туралы Декларация, 1991 жылдың тамызы –

Семей ядролық сынақ полигонының жабылуы және Республикалық

егемен алтын-валюта қорын құру, 1991 жылдың желтоқсаны –

алғашқы бүкілхалықтық президенттік сайлау, біздің мемлекетіміздің

жаңа атауы туралы шешім қабылдау, 16 желтоқсан – «Қазақстанның мем-

лекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңды қабылдау, 1993

жылдың 15 қарашасы – өзіміздің ұлттық валютаны және қаржы жүйе-

сіненгізу.

Жеке мен үшін іс жүзінде сонау бірғақты кезеңнің әрбір күні ұмытылмақ емес.

Біздің халқымызды ұзақ күткен бостандыққа әр қадам сайын жақындатқан сол бір күрделі оқиғалар туралы естеліктер өшірілместей менің жадымда.

Дегенмен, біздің Тәуелсіздік жолындағы шежіреде Қазақстан халқы сол бір тағдыршешті кезеңде жүріп өткен **үш шешуші тарихи белесті** мен айрықша маңызды және елеулі деп есептеймін.

Бірінші – біздің еліміздің алғашқы **абсолютті егемен мемлекеттік актісі** – Семей полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қою.

Ол сол сәттен бастап Қазақстанның бүкіл аумағында **тек бір ғана юрисдикция** – қазақстандықтардың өздерінің және туындап келе жатқан егемен Қазақстан мемлекетінің ерік-жігерінің іс-қимыл жасайтынын білдірді.

Оған қоса Семей сынақ полигонын жабудың тек жалпыұлттық қана емес, сонымен бірге **жаһандық та мәні** бар.

29 тамыз күні қазір БҰҰ шешімі бойынша жыл сайын **Ядролық сынақтар-дытоқтату жолындағы күрестің халықаралық күні** ретінде атап өтіледі.

Қазақстандықтар үшін бұл күн – Тәуелсіздіктің Ұлы Хроникасы **Алғысөзі-нің** бірінші жолының аналогы.

Екінші белес – **1991 жылдың 1 желтоқсанында** біздің халқымыздың бүкіл тарихында алғаш рет өткен **жалпыға ортақ Қазақстан Президенті сайлауы**.

Бұл оқиғаның тарихи мәні мен патриоттық құндылығы **көзге ұрып тұр және ешқандай талас тудырмайды**.

Бұл күні Қазақстан халқы **биліктің** шынайы **қайнар көзі** болудағы, **билікті қалыптастырып, оның саясатын айқындаудағы** өзінің егемен құқығын **алғаш рет** жүзеге асырды.

Алғашқы президенттік сайлауға **8 778 726** сайлаушы немесе азаматтардың жалпы санының **88,23%-ы** қатысты.

Бұл сол кезеңде **10 миллиондай** адамды құраған Қазақстанның бүкіл ересек халқының **басым көпшілігі**.

Осы сайлауда алғаш рет, елдің тарихи тағдырын шеше отырып, қазақстандықтар ортақ Отанымыз – біздің Қазақстанымыз үшін **тарихи жауапкершілік жүгін** батыл түрде өзіне алуға дайын және қабілетті **АЗАМАТТАРДЫҢ БІРТҰТАС ЕГЕМЕН ҚАУЫМДАСТЫҒЫ** ретінде көрініс берді.

Сондықтан алғашқы жалпыхалықтық президенттік сайлау – ол **ЖАЛПЫ-ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІРЛІКТІҢ** маңызды тарихи актісі.

1991 жылдың 1 желтоқсаны – бұл Қазақстан халқы біздің мемлекетімізді **басқару түрі туралы мәселе бойынша ТАРИХИ ШЕШІМ** қабылдаған күн.

Бұл күшті президенттік биліктегі республика пайдасына жасалған **бірегей таңдау** болатын.

Сол бір күрделі уақытта өмір қисынының өзі бүкіл атқарушы билік үшін ғана емес, сонымен бірге күрделі өтпелі кезеңді бастан өткеріп жатқан бүкіл қоғам үшін **дежұмылдырушылық бастауды талап етті**.

Ескі тоталитарлық жүйе келмеске кетіп, басқарудың жаңа институттары пайда болды. Кезек күттірместен нарықтық реформаларды жүргізу, тіпті азық-

түлікпен қамтамасыз ету, жұмыспен қамту, қалалар мен ауылдардағы өмір қауіпсіздігі сияқты қарапайым мәселелердің өзінде адамдар тұрмысын қалыпқа келтіру міндеті барынша бой көтерді.

Осындай жағдайда Республика Президенті лауазымын енгізу ел дамуында маңызды **тұрақтандырушы факторға** айналды.

Президентті жалпыхалықтық сайлау **халық пен мемлекеттік биліктің бірлігін нығайтты**, ал соңында **Қазақстан тәуелсіздігінің қалыптасуы мен нығаюының бүкіл үдерісінің сабақтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етті.**

Іс жүзінде, 1991 жылдың 1 желтоқсанындағы сайлау, бір мезгілде, **басқару формасы, Қазақстанның бірлігі, егемендігі мен тәуелсіздігі туралы ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМҒА** айналды.

Мұндай бағалаудың шынайылығын нақтылы тарихи деректер көрнекі түрде растайды.

1991 жылдың күзінде КСРО-ның ыдырау үдерісі шешуші сатысына енді.

Тамыздағы путч іс жүзінде Одақты республикалардың тең құқықты федерациясы ретінде жаңарту үмітін «жерлеп» тынды. Ол уақытта көптеген республикалар өздерінің тәуелсіздіктерін жариялап үлгерді. Одақтық орталықтан қалғандар жансыздық күйге қарай біржола бата түсті.

Ал одан әрі қандай да бір биліктің болмауынан жаппай хаос пен анархия орнады.

Мен мұндай жағдайға жол бере алмадым, өйткені ол бір ғана нәрсені – қоғамдағы этносаралық және әлеуметтік жанжалдарды, экономикалық дағдарыстың тереңдеуін білдірер еді.

Аға буын әр адам күнкөріс шегінде тұрған сол бір уақыттарды жақсы біледі.

Шаруашылық байланыстар үзілуінің республиканы **ІЖӨ-нің 30%-ға дерлік төмендеуіне** апарып соқтырғанын мамандар кейін, бірнеше жылдар өткен соң ғана есептеп шығарды. Шамамен **бүкіл қазақстандықтардың үштен бірі кедейшілік шегіне жетіп**, қолда барды қанағат етуге мәжбүр болды.

Үшінші белес – «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңның қабылдануы.

Бұл біздің халқымыз үшін ең басты тарихи, ұмытылмас оқиға болды. Біз бүкіл ата-бабаларымыздың арманын жүзеге асырдық.

Бүкіл қазақстандықтардың ортақ еңбегімен бізге бұған дейін әлем картасында болмаған **жаңа ұлы елді құру** міндеті тұрды.

XXI ғасырда біздің жерімізде экономикалық өсім жемістері **азаматтардың басым көпшілігіне тиесілі болатын айрықша, топтасқан және динамикалық социумқұру** біздің тарихи миссиямыз болып табылды. Онда заң мен құқық тәртібінің үстемдігі қамтамасыз етілуі тиіс. Онда ұлттық дәстүрлер мен құндылықтар инновациялық дамумен, Қазақстанның жаһандық және өңірлік интеграцияларға қатысуымен үндесе үйлесім табады.

Бұл бір-екі жылдың, бір-екі онжылдықтардың міндеті емес еді. Біздің алдымызда **қазақстандықтардың қазіргі және болашақ ұрпағының асқақ міндеті** тұрды.

Еш күмәнсіз айта аламын, егер халық шыдамдылық танытып, біртұтас мақсат жолында жұмылмағанда, егер біздің мемлекетіміз мақсаты әрбір отбасы және бүтіндей елдің әл-ауқаты болып табылатын реформалар жолын қаламағанда, экономикалық және әлеуметтік күйреу нәтижелері **бұдан да гөрі ауырырақ және қауіптірек** болар еді.

Дәл сондықтан да 1991 жылдың күзгі айларында Қазақстан тәуелсіздігін экономика салалары, кәсіпорындар, инфрақұрылымдар, сыртқы экономикалық қызмет үстінен заң жүзінде ресімдеген іс жүзінде **күн сайынғы режимде жана заңдар мен жарлықтар қабылданды**. Осылайша, біз апаттық жағдайда Тәуелсіздікті орнаттық.

Республика Президенті ретінде мен **сыртқы саяси қызметтің жаңа бағыттарын белсенді дамыттым**.

Менің АҚШ Мемлекеттік хатшысы Дж.Бейкермен, Ұлыбритания премьер-министрі Дж.Мейджормен, Австрия канцлері Ф.Враницкиймен, германдық саясаткерлер – вице-канцлер, сыртқы істер министрі С.-Д. Геншермен және қаржы министрі Т.Вайгелмен, Австралия мен Иранның сыртқы саясат ведомстволары басшылары Г.Эванспен және А.Велаятмен, Сингапурдың аға министрі Ли Куан Ю-мен, сондай-ақ Мәскеуде тіркелген АҚШ-тың, Ұлыбританияның, Қытайдың, Болгарияның және бірқатар өзге елдердің елшілерімен, шетелдік бизнес өкілдерімен кездесулерім болды.

Мен Түркия мен Ұлыбританияға алғашқы ресми сапарлар жасадым.

Іс жүзінде, осы оқиғалардың бәрі өз Тәуелсіздігі жолымен бара жатқан Қазақстанның өзіндік **халықаралық тұсаукесері** іспетті болды.

Бүтіндей алғанда бұл Қазақстанның бүкіл экономикалық, ішкі және сыртқы саяси кеңістігін **жеделдете егемендендіру үдерісі** болды.

Бірақ кейбір өзге республикалар лидерлері сияқты **біз жауапкершіліксіз талаптарды көлденең тосып**, сол арқылы халықты босқа дүбілткен жоқпыз.

Біз оның қайда апарып соқтыратынын анық түсіндік және көрдік – олар қантөгіс, ағайынаралық жауластық, түбегейлі және экономикалық колапс.

Оған қоса біз «жан-жаққа қашып жатқан» одақтас республикалармен берік экономикалық байланыстарды сақтауға деген үмітті үзген жоқпыз, ыдыраған Одақ орнында нағыз тең құқықты ортақ экономикалық кеңістік құру үшін жұмыс істедік.

Және сонымен бір уақытта Қазақстанның **толық егемендік алуға деген бағыты бұлжымас және күмәнсіз болатын**.

Мен **бүкіл халықтың қолдауынсыз** бұл саясаттың мүмкін емес екенін түсіндім, және сондықтан да 1991 жылдың қазанында нормаларына Мемлекет басшысын **бүкіл сайлаушылардың жаппай дауыс беруі** арқылы сайлау туралы норманы қоса отырып «**Президент сайлауы туралы**» жаңа заң қабылдауды ұсындым.

Бұл ұсыныс сол кездегі парламенттің тиісті шешімімен ресімделді.

Жалпыға ортақ сайлау **1991 жылдың желтоқсанының бірінші күніне белгіленді**.

Енді ғана қабылданған жаңа заңға сәйкес парламентші менің кандидатурамды Президент лауазымына ілгерілетті.

1991 жылдың қарашасында өткен алғашқы бүкілхалықтық сайлау науқанын еске түсіре отырып айтарым, **менің «қарсыластарым» кілең мықтылар еді.**

Бірақ олар нақты саясаткерлер деңгейіне көтерілгендерден емес-тін. Бұл айқындықтан тыс, бірақ сол қиын кезеңде қалыптасқан күрделі ауандағы өте ықпалды себеп болатын.

Біріншіден, «қайта құру» реформалары нәтижелерінің болмауы **адамдардың бір бөлігін апатияға, «саясат пен саясаткерлерге» сенбеуге итермеледі.**

Ашық айтайын, қазақстандықтардың бір бөлігі өсе түсіп отырған әлеуметтік проблемалардың тым болмаса кейбірін шешуге мемлекеттің қабілетті екеніне сенбей «салдары суға кетсе», оның үстіне өздерінің дауыстарын біреудің еститініне, өздерінің күштеріне сенуден де қалған еді.

Екіншіден, егер еске түсірсек, сол кездері **көпұлтты Қазақстандағы бейбітшілік пен тыныштық,** әсіресе, ыдыраған Одақтың басқа республикаларындағы жанжалдар аясында, **жандарына жақпаған** көптеген қасіретті-«оракулдар» пайда болды.

Мен әркез «Сынасаң – оңтайлы жол ұсын!» қағидатын басшылыққа алдым. Ал сол кездегі сын көп жағдайда «кім кінәлі» деген мәңгілік тақырып төңірегіндегі кеңестік асүйлерде айтылатын әңгімені еске түсіретін.

Мен қашанда «не істеу керек» деген нақты және тақырыптық сұрақтарға жауап бердім.

Осының барлығы біздің жаңа еліміздің өмірге келуіндегі азап болатын.

Бір ай ішінде **мен іс жүзінде Қазақстанның барлық өңірлерін аралап шықтым.**

Қарағандының, Жезқазғанның, Өскеменнің кеншілерімен және металлургтерімен, Маңғыстау және Жамбыл облыстарының тұрғындарымен кездестім.

Мен жаңа, сол кезде енді ғана игеріле бастаған Теңіз кен орны нысандарында болып, олардың жұмысшыларымен жүздестім. Орал өңірі мен Алматы облысының ауылдық аудандарында болдым.

Семей, Курчатова және Павлодар тұрғындарымен кездестім. Біздің астықты орталықтарымыз – Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Қостанай облыстарын араладым. Мәдениет және өнер қайраткерлерімен, ғылым және шығармашылық интеллигенция өкілдерімен кездесулер өткіздім.

Қазақстандықтармен осындай тікелей тілдесулер барысында мен **халықтың кең қолдауын,** оның тарихтың кез келген сынақтарына жариялы және лайықты түрде жауап беруге деген ортақ тілегін, біздің көпұлтты Қазақстанда келісім мен бейбітшілікті сақтауға деген ұмтылысын, ортақ Отанымыздың өсіп-өркендеуі жолында жұмыс істеуге деген құлшынысын көрдім.

Сол алғашқы сайлаулардағы менің сенім білдірілген адамдарыма ризамын. Олар менің шынайы серіктестерім және пікірлестерім болатын.

Және бұл **маған** сол шырққан және болжап болмайтын жауапты тарихи оқиғалар тізбегінде **күш пен қуат берді.**

Дауыс беру қорытындыларын қандай толқыныс үстінде күткенім есімде. Және бұлтолқыныс ертеңгісін дауыс берудің алдын ала нәтижелері жарияланған кезде теккүшейе түсті.

Менің кандидатурам үшін **8 681 276 сайлаушы**, немесе барлық азаматтардың**98,78 пайызы** өз дауыстарын берді.

Бұл **абсолютті жеңіс** еді!

Барлық халықтың жеңісі болатын! Бірліктің талас-тартыс қатерінің алдындағы жеңісі еді!

Бұл егемен **Қазақстанның жаңа жеңісі болатын!**

Бірақ, тіпті, сайлаудың алғашқы нәтижелері жария етілген сол минутта баржоғы**екі аптадан кейін Қазақстанның толықтай тәуелсіз мемлекет болатыны**нешкімнің де болжай алмағаны анық.

1991 жылдың **10 желтоқсанында** менің ел Президенті лауазымына кірісуімнің ресми салтанаты өтті.

Мен Қазақстан халқына адалдық **антын қабылдадым**. Салтанатта сөйлеген сөзімде мен мемлекет билігінің басына келуіме сенім көрсеткен және маған тарихи жауапкершілік жүктеген **барлық қазақстандықтарға ризашылығымды білдірдім**.

Мен 1991 жылдың 1 желтоқсанындағы сайлау қазақтар, орыстар, украиндар, корейлер, немістер, ұйғырлар мен басқа да этностардың – «біздің республикамыздың бүгінгі мен болашағы үшін бір команда болуға шешім қабылдағандардың барлығы» **бауырластық қоғам қалыптастыруға** негіз қалағандарын атап өттім.

Енді маған алдағы мәселелердің барлығын шешімді іс-қимыл таныта және барлық халықтың абсолютті қолдауына сүйене отырып шешуге болатын еді.

Сол күні менің ұсынысым бойынша біздің мемлекетімізді **жаңаша – Қазақстан Республикасы** деп атау туралы шешім қабылданды.

Ал **алты күн өткен соң**, барлық халықтың еркіне орай, «**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы**» Заң қабылданды. Бұл тарихта біздің халқымыздың жұлдызды күні ретінде қалады.

Біздің Отанымыз азат болды!

Және бүгінде желтоқсанның алғашқы күні, **еш асырып айтпай-ақ, Қазақстанның тәуелсіздігі жолындағы шешуші дата болды** деп тікелей сөз саптауға болады.



Осының барлығы, содан бері 21 жыл өтсе де, күні кешегідей көз алдымда. Осы екі онжылдық өзінің бойына ауқымды экономикалық және саяси реформалар жүргізу, жаңа мемлекет – оның жаңа фундаментальді институттарын құру, халықтың бірлігін нығайту, әлемнің басқа елдерімен терезесі тең қарым-қатынас орнату бойынша титаникалық жұмыстар сыйғызған **ырғақты уақыт** болды.

Қазақстан адам нанғысыз табыстарға қол жеткізді.

Ыдыраған кеңестік империяның мешеу қалған шеткері аймағынан біз **экономикалық өсу ырғағы бойынша ТМД-да, Еуразияда және бүкіл әлемде көшбасшы шептегі** елге айналдық.

Міне, он жылдан астам уақыттан бері Қазақстанның ІЖӨ-сі жыл сайын орташа алғанда, **6-7 пайыз** өсім беріп отырса, көптеген сарапшылар **осы үрдіс**, тіпті, жаһандық экономикалық дағдарысқа қарамастан, **сақталып қалады** деген болжам айтуда.

Реформалар нәтижесінде елімізде **жеке меншіктік пен кәсіпкерліктің жаңа табы** құрылып, аяғынан тұрғызылды. Шағын және орта бизнес секторында қазірдің өзінде барлық ұлттық байлықтың **бестен бір бөлігі** өндірілсе, онда **2 миллионнан астам адам** жұмыс істейді.

Біз алдымызға **шамшыл міндет** – әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қатарына ену міндетін қойып, оны **жүзеге асыруға шақ қалып отырмыз**. 2011 жылдың қорытындылары бойынша, Қазақстан **Бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық рейтингінде 51-ші орыннан көрінді**.

Жақын жылдары біз әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына еніп қана қоймай, мемлекеттердің **осы тобында берік орнығып, солармен бірге ілгерілеуге** тиіспіз.

Үш жыл бұрын Қазақстанды үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту бағыты жарияланған еді. Осы уақыт ішінде **500-ден астам жаңа өндіріс орындары** салынды. Олардың жартысы 50 пайыздан асатын жүктемемен жұмыс істеп, екі жылда **1,1 триллион теңгенің** өнімін өндірді.

Өндірістегі технологиялық инновацияларға шығын **8 есе** ұлғайды. Бүгінде олар шамамен **200 миллиард теңгені** құрайды. Оның үстіне инновациялы өнімдер шығару **үштің бірінен** астамға ұлғайды.

Ауқымды жаңғыртулар **аграрлы секторда** да жүргізілуде. Біздің фермерлер қазірдің өзінде өткен дәуірдің көптеген **рекордтарын жаңартты**. Қазіргі кезде Қазақстан өзін сапалы **азық-түлікпен және шикізатпен үштің екісіндей** деңгейде қамтамасыз етеді.

Қазақстан өнімдерінің әлемдік рыноктарға **экспорты 90 миллиард долларға** жуық қаржыны құрап отыр. Олардың **ширегінен астамы** – шикізаттық емес тауарлар.

Тек үстіміздегі жылы еліміздің экономикасына **18 миллиард доллар** тікелей шетел инвестициялары тартылды. Бұл – біздің дамуымыздың сапа белгісі, бұл – жаһандық инвесторлардың Қазақстанға абсолютті сенімі.

Ұлттық банк пен Ұлттық қордың жиынтық қаржы капиталы бүгінде **85 миллиардтан астам долларды** құрап отыр. Бар-жоғы 21 жылдың ішінде ол 114 еседен астамға ұлғайды.

Осы жерде мен 21 жыл ішінде Қазақстанға **160 миллиард доллар** шамасында тікелей инвестиция салған біздің барлық шетелдік инвесторларға ерекше ризашылығымды білдіргім келеді. Бұлар – біздің Ресейдегі, АҚШ-тағы, Қытайдағы, Еуропа Одағындағы, ТМД елдеріндегі, Оңтүстік-Шығыс Азиядағы, Қиыр және Таяу Шығыстағы сенімді әріптестеріміз. **Бүкіл әлем Қазақстанның жасампаздық әлеуетіне сеніп отыр**. Бүгінде еліміз өзінің табыстарымен әлемдік қоғамдастықтың бұл сенімін тек нығайта түсуде.

Қазақстандықтардың әл-ауқаты өсіп келеді. Тек ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығында Қазақстандағы кедейшілік шегінде өмір сүретін тұрғындардың үлесі **әлсізден есе қысқарып, 32-ден 5,3 пайызға дейін азайды**.

Біздің халқымыз **іс жүзінде кедейшілікті бұзып-жарып шығып**, ортаеуропалық елдердің әлеуметтік даму деңгейіне қол жеткізді. Бүгінде тұрғындардың жан басына шаққандағы ІЖӨ көлемі **13 мың долларды** құрайды. Бұл – бүкіл посткеңестік кеңістіктегі **озық көрсеткіштердің бірі**.

Қазір Қазақстанда **әлеуметтік жаңғыртудың ауқымды үдерістері** жүргізіліп жатыр.

Оның басты мақсаты қазақстандықтардың өмірлері үшін **біздің ежелгі жерімізде ешқашан болмаған сапалы жағдай** туғызу болып табылады.

Әр қазақстандықтың, әр қазақстандық отбасының, бүкіл Қазақстанның өркендеуінің басты әл-ауқат көзі ретінде **Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын** құру бойынша нақты міндеттер айқындалған.

Осы идеяны абсолютті қолдау – **біздің ұлы халқымызға лайықты ұлы мақсаттарға** жетудің кепілі.

Барлық уақыттарда біз **көпэтносты халқымыздың бірлігін көзіміздің қарашығындай сақтап келеміз және сақтай беретін боламыз**.

Қазақстан қоғамындағы бейбітшілік пен келісімнің басты механизмі – **Қазақстан халқы Ассамблеясы** құрылып, жұмыс істеп келеді.

1995 жылы жалпыхалықтық референдумда қабылданған **Қазақстан Республикасының Конституциясы** Президентті азаматтардың құқы мен бостандықтарын қорғаудың, сондай-ақ мемлекеттік биліктің барлық тармақтары

мен институттарының тиімді және үйлесімді қызметінің гаранты ретінде айқындап, президенттік билікті нығайта түсті.

Президент институтының қазақстандықтар арасындағы жоғары беделі **1999, 2005, 2011 жылдардағы баламалы жалпыға ортақ президенттік сайлау** өткізу барысында нақты қуатталды.

Мен халықтың аса зор сенімі мен менің саясатымды қолдауының көрінісі болып табылатын қайта сайлануыма дауыс берген қазақстандықтарға ризамын.

Біз барлық қазақстандықтардың мақтанышына және жаңа Қазақстанның жарқын символына айналған жаңа елорда – Астананы салдық. Біздің елордамыз халықаралық саясаттың аса ірі орталықтарының біріне айналуда.

Астана бүгін біздің Тәуелсіздігімізді нығайтуда және дамытуда. Алматы Тәуелсіздігіміздің бесігіне айналса, Астана – болашақтың бесігі. Астана арқылы біз Қазақстанды бүкіл әлемге паш еттік.

Мұнда Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері, аса ірі әлемдік форумдар өткізіледі. ЕҚЫҰ мемлекеттері мен үкіметтері басшыларының Саммиті Астанада нақ осы 2010 жылғы 1 желтоқсанда өтті.

ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесін Астанада өткізу туралы қабылданған шешім бұл саммиттен де аса зор ірі оқиғаға айналды. Біз әлі өзіміздің осы жеңісіміздің аса зор маңызын сезініп болған жоқпыз. Бұл көрме өтетін елді шын мәнінде бүкіл әлем таңдады. Қазақстан айқын басымдықпен жеңіске жетті. Бұл – бүкіл планетаның тануы мен сенімі. Біз өзімізге мемлекеттік мереке қарсаңында лайықты сый жасадық.

Осы жылдар ішінде біз әлемдегі лайықты ұлтқа айналдық.

Біз 2012 жылғы сайлаудың нәтижелері бойынша үш фракция жасақталған тиімді жұмыс істейтін **екі палаталы Парламент** құрдық.

Қазақстан әлемнің **140 мемлекетімен** қарым-қатынас орнатып, дамытуда.

Өзінің даму қарқыны, экономикалық қуаты, адами әлеуеті бойынша Қазақстан **Орталық Азия мен ТМД-да көшбасшы позицияға** ие болып отыр. Әлемнің көптеген елдерінде біздің тәжірибеміз ықыласпен зерттелуде.

Қазір біздің **еуразиялық ықпалдастық** туралы идеямыз жүзеге асырылуда. Қазақстан **Ресеймен және Беларусьпен бірге** Біртұтас экономикалық кеңістік қалыптастыруда. Біз Еуразиялық экономикалық одақ қалыптастыру жолымен бірге келеміз.

Біз **АҚШ-пен, Қытаймен, Еуроодақпен** стратегиялық әріптестік қатынастарымызды дамытудамыз.

Қазақстан **ЕҚЫҰ, ИЫҰ, ШЫҰ** сияқты аса ірі халықаралық ұйымдарға төрағалық етті. **Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес** туралы біздің идеямыз ойдағыдай жүзеге асырылуда.

Тарихта ешқашанда **бірде-бір мемлекет** небәрі екі онжылдықта осындай халықаралық беделге ие бола алған жоқ.

Мұның бәрі – осыдан тура 21 жыл бұрын Қазақстан халқы жасаған тағдыр-шешті, тарихи таңдаудың нәтижесі.

Қазақстан жалпыға бірдей сайлау барысында Тұңғыш Президентті сайлап, жоғары билікті ұйымдастыру мен оның іс-қимылының жаһандық тәжірибесін үйлесімді қабылдады.

Біз оны өз қоғамымыздың **ұлттық спецификасын, дәстүрлері мен ерекшеліктерін** ескере отырып жүзеге асырдық.

Үстіміздегі жылы біз «Қазақстан-2030» Стратегиясының 15 жылдығын атап өтеміз.

Осы жылдар ішінде ешқандай бөгесіндер бізді жолдан тайдырып, басты олжамыз – ойдағыдай дербес даму жолын көлеңкелей алған жоқ.

Біз өткен ғасырдың 1990-жылдарының соңындағы «Азия дағдарысының» соққысынан тізе бүккен жоқпыз.

2007-2009 жылдардағы әлемдік экономиканың ең ауыр құлдырауына біз ойдағыдай жүзеге асырылған дағдарысқа қарсы бағдарламамызбен жауап бердік.

Ол дағдарыстан шығу жолында біздің кілтімізге айналды.

Біз дағдарысқа ойдағыдай қарсы тұрумен бірге, аймақтық және жаһандық ауқымда оны жеңу бойынша бірқатар халықаралық бастамалар жасадық. Көрнекті ғалымдар, саяси қайраткерлер мен бизнес өкілдері бас қосатын Астана экономикалық форумы осындай идеяларды ілгерілету мен талқылау алаңына айналды.

Көптеген дамыған елдер әлеуметтік шығындарды қысқартуға, өндірісті жабуға мәжбүр болды.

Ал терең дағдарыс жылдарының өзінде біз Қазақстанда зейнетақы мен бюджет саласы қызметкерлерінің еңбекақысын екі есе өсірдік, жұмыссыздық азайды.

Біз тұрғындарды жұмыспен қамтудың жаңа стратегиясын қабылдап, жүзеге асырудамыз.

Елімізде инновациялық өндірістер ашылуда, заманауи автобандар және темір жолдар, құбыр жүйелері мен электр тарату желілері салынуда.

Жүздеген мың азаматтар лайықты жұмыс тапты, қайта оқып, жаңа мамандықтар алды.

Екі онжылдық ішінде қазақстандық жол жаңа тәуелсіз елдер үшін үлгі-модельге айналды.

Біздің жолымыздың базалық формуласы – тағаттылық арқылы тұрақтылыққа, либерализация арқылы жаңғыруға.

Осылай біздің мемлекетіміз бен қоғамымыз Тәуелсіздік жылдары **өзгерістердің ҰЛЫ ЖОЛЫНАН** өтті.

Қазір Қазақстан батыл өзгерістердің жаңа кезеңіне қадам басып отыр.

Алғашқы екі онжылдық – бұл біздің Отанымыздың ұлы перспективаларын нұрландыратын Жарқын белес қана.

Біріншіден, біз барлық қазақстандықтардың ортақ күш-жігерімен **тарихымызда ешқашан болмаған** жаңа мемлекеттің асқақ ғимаратын іргетасынан бастап көтердік.

Өзінің маңызы жағынан салыстыруға келмейтіні өз алдына, бұл оқиға біздің бабаларымыздың барлық ұлы жетістіктерінен асып түседі.

Тарих толқыны біздің халқымызға ғасырлар бойы жасайтын күшті және дамыған мемлекет құру мүмкіндігін әлденеше рет берген. Алайда осы ұлы миссияны жүзеге асыруға біз ғана қабілетті болып шықтық.

Екіншіден, Тәуелсіздік жылдары біз **барлық азаматтарымыздың игілігі үшін** жұмыс істеуге қабілетті тиімді экономиканың негізін қаладық. 1993 жылдан бастап біздің еліміздің экономикасы серпінді дамыды және **16 есе** өсті.

Нақ осы экономика саласындағы ғажайып табыстар арқылы Қазақстанның танымалдығы артты.

Біздің еліміздің бүкіләлемдік **ЭКСПО-2017** көрмесін Астанада өткізу жөніндегі күресте айқын басымдықпен жеңіске жетуі **Қазақстанның экономикалық қуатын** жаһандық танудың көрінісі болып табылады.

1851 жылы Лондонда өткен алғашқы көрмеден бері осы ірі форумды АҚШ, Франция, Германия, Жапония, Бразилия, Канада, Ұлыбритания, Қытай сияқты экономикалық алыптар қабылдаған болатын.

Енді осы беделді тізімге біздің еліміз де еніп отыр.

Үшіншіден, Қазақстан ХХІ ғасырда барлық континенттерде танымал болып және әлемнің **аса ірі халықаралық ұйымдарын басқарып**, өзінің бүкіл тарихында ең жоғары халықаралық мәртебеге ие болды.

Біздің ірі жеңістеріміздің қатарында 56 мемлекетті біріктіретін ЕҚЫҰ-ға төрағалықты және 1,5 млрд.-тан астам халқы бар 57 қатысушы мемлекеттің қолдауына ие болған ИЫҰ төрағалығын атауға болады.

Қазақстан **Халықаралық көрмелер бюросының 157 мүшесінің** дауыс беруі нәтижесінде ЭКСПО-2017-ні ұйымдастырушы елге айналды.

Сондай-ақ, біз ТМД, ШЫҰ, Кеден одағы сияқты аса ірі аймақтық ұйымдарды құрудың бастауында тұрдық.

Қазақстан қауіпсіздіктің еуразиялық тұғырнамасын, бүкіләлемдік ықпалдас-тық пен ядролық қарусыз аймақтар құру жауапкершілігін өз мойнына алды.

Біз өзіміздің бейбітшіл ұстанымдарымызға адалдығымызды сақтап келеміз және өзіміздің жасампаздық жолымыздың әділдігіне берік сенеміз.

Мен Отанымыздың қазақстандықтардың әр жаңа буынымен өркендей беретініне сенемін.

Алғаш рет Президент институты АҚШ-та тағайындалғаны белгілі. Осы жоғары лауазымды енгізген Америка конституциясының қабылданғанына үстіміздегі жылы **225 жыл** толды.

Осы уақыт ішінде республикалық басқару формасына көшкен мемлекеттердің басым көпшілігінде Президент лауазымы енгізілуі оның **өміршеңдігін және институттық-саяси жетілгендігін** көрсетеді.

1880 жылдан бері, міне, 130 жылдан астам уақыт бойы, АҚШ-тың бірінші президенті Джордж Вашингтонға арналған **Президент күні** жыл сайын атап өтіледі.

АҚШ-тың негізін қалаушы-әкесі 1789 жылдың 30 сәуіріндегі өзінің алғашқы инаугурациялық сөзінде **адал және мейірімді саясат, гүлденудің бай жемістері және қоғамның өркендеуі туралы** айтуының символикалық мәні бар.

Міне, осы ізгі ниетті ұмтылыс осы күнге дейін тек Америка президенттерінің ғана емес, барлық елдердің дерлік президенттерінің қызметінің **басты эталоны болып табылады.**

Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруды, Қазақстанның экономикасы мен қауіпсіздігін нығайтуды мен әрқашан өзімнің басты **президенттік борышым** және **тікелей президенттік міндетім** деп білемін.

Мен **ондаған жылдар бойы маған қуатты қолдау** көрсетіп, сол арқылы адамдардың бақыты, **біздің Отанымыздың игілігі үшін аянбай еңбек етуде** бойыма күш-жігер беріп келе жатқан ел азаматтарына ризамын.

Мен барлық қазақстандықтарды біздің тарихымызға **қазақстандықтардың Бүкілхалықтық Тандауының Бірлігі** күні ретінде енген жаңа мемлекеттік мереке – **Тұңғыш Президент күнімен құттықтаймын!**

Баршаңызға бейбітшілік, жақсылық, игілік және молшылық, Қазақстанымыздың өркендей беруі жолында жаңа еңбек табыстарын тілеймін!

